

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСІЛДІ»

М.Жұмабаев атындағы
гимназия директоры

Жалелов А.

«18» 03 2022 ж.



«БЕКІТЕМІН»

«Академик Е.А.Бөкетов
атындағы Қарағанды университеті»

Басқарма Төрағасы – Ректоры

Дулатбеков Н.О.

«18» 03 2022 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті»

Деңгейі: Бакалавриат

«КЕЛІСІЛДІ»

Н.Нұрмақов атындағы
мамандандырылған

мектеп-интернат директоры

Султанов С.А.

«19» 03 2022 ж.



Қарағанды, 2022

6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
2. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы (24.05.2018 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
3. 2018 жылғы 31 тамыздағы № 604 Жоғары білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты;
4. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері;
5. ҚР БҒМ «Кредиттік жүйе бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 2 ақпандағы №152 бұйрығы (12.10.2018 ж. № 563 өзгертулер мен толықтырулармен);
6. 2018 жылғы 13 қазандағы №569 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы;
7. Орта білім берудің(бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2018, 31 қазан, №604 бұйрық);
8. «Педагогтің» кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлтық кәсіпкерлер палатасы төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша)
9. «Жалпы білім беретін мекемелерде жалпы білім беретін пәндер, таңдау бойынша курстар мен факультативтер бойынша типтік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрыққа өзгертулер мен толықтырулар 2018 жылдың 10 мамырындағы № 199 ҚР Білім және ғылым министрілігінің бұйрығы;
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы.

Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгей	4
10	ҰБШ бойынша деңгей	4
11	СБШ бойынша деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы	4
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	4
б)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	4
в)	Кәсіби қызмет түрлері	5
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	5
17	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	7
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	9
19	Оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы	12
20	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу(ЖОН)	33
21	Түлек моделі	36

1. Білім беру бағдарламасының коды және атауы: 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті
2. Білім беру саласының коды және жіктелуі: 6B01, педагогикалық ғылымдар. 6B017, тіл және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау.

3. Білім беру бағдарламаларының тобы: 6B017, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша мұғалімдер даярлау.

4. Кредит саны: 248 ECTS.

5. Оқу түрі: күндізгі.

6. Оқу тілі: қазақ тілі.

7. Берілетін академиялық дәреже: «6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша білім бакалавры.

8. Білім беру бағдарламасының түрі: қолданыстағы.

9. БХСЖ деңгейі: 6.

10. ҰБШ деңгейі: 6.

11. СБШ деңгейі: 6.

12. Білім беру бағдарламасының ерекшелігі: жоқ.

13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымша: № 016, 28.07.2020 ж.

14. Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімі: Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз қазақстандық агенттігі/НКАОКО. Сертификат SA №0026/3

Аккредиттеудің мерзім уақыты: 14.06.2014 ж - 13.06.2019ж.

15. Білім беру бағдарламасының мақсаты: Бакалаврлық білім беру бағдарламасының миссиясы лингвистика, әдебиеттану, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі саласында терең білім беру, жалпы білім беретін мектептің мұғалімін даярлау, қазақ тілін деңгейлеп оқытатын маман дайындау, жаңартылған білім мазмұнына сай білім беру, қазіргі білім беру жүйесінде қолданылатын жаңашыл технологияларды үйрету, алған білімдерін практикада және ғылымда қолдана алатын білікті кадрлар даярлау..

16. Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы

а) Біліктілік пен лауазымдар тізбесі

- қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;
- ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер;
- әдеби кеңесші;
- мемлекеттік іс қағаздар жүргізуші.

б) Кәсіби қызмет саласы мен объектілері

«6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызметінің нысандары:

- мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ұйымдары;
- бастауыш, негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- әдеби, мәдени мекемелер, баспа орындары;
- мемлекеттік органдар, түрлі кәсіпорын, өндіріс орындарындағы іс-қағаздары мен құжаттау бөлімдері;

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары болып табылады.

«БВ01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызметінің саласы:

- білімдік қызмет саласында:
 - жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сабақ беру, жаңартылған білім мазмұнына сай әдістемелік білімі мен қолданбалы біліктілігінің болуы;
- эксперименттік-зерттеу қызмет саласында:
 - ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқып-білуі;
 - қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және қорытуы;
 - педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- ұйымдастыру-басқару қызметі саласында:
 - қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім беру мазмұнын әртүрлі деңгейде жоспарлауы;
 - оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтауы;
- әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында:
 - көпмәдениетті тұлға қалыптастыруы;
- оқу-тәрбиелік қызмет саласында:
 - оқу-тәрбие жұмыстарын педагогикалық процестің заңдарына, заңдылықтары мен принциптеріне, тәрбиелік механизмдерге сәйкес іске асырылуы;
 - сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлауы;
 - нақты тәрбиелік міндеттерді шешуі;
 - қазақ тілі мен әдебиеті бойынша сыныптан тыс жұмыстарда оқыту мен тәрбиенің әртүрлі формалары мен әдістерін таңдау және қолдану;
 - оқушылар ұжымымен, осы сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен байланыс орнатуы;
- оқу-технологиялық қызмет саласында:
 - оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

в) Кәсіби қызмет түрлері

«БВ01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бакалаврының кәсіби қызмет түрлері:

- білім беру (педагогикалық)
- ғылыми-зерттеу;
- әдеби-шығармашылық;
- ұйымдастыру-басқару;
- өндірістік-басқарушылық.

г) Кәсіби қызметінің функциялары

- оқыту - оқу ақпаратын таратады, жаңартылған білім мазмұнына сай өз бетімен білім алуды үйретеді, білім алушылардың лингвистикалық қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, оқу сабақтарын құрастырады, оқытудың жаңа технологияларын қоланады және т.б.;
- тәрбиелеу - білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне араластырады, педагогикалық әдепті, педагогикалық этика ережелерін сақтайды, білім алушылардың жеке басын құрметтейді, Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие үдерісін құрады және т.б.;
- әдістемелік – білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өз біліктілігін арттыруды жоспарлап, әдістер мен тәсілдерді анықтайды, оқу материалдарын берілген оқу мақсаттарына сәйкес өңдейді және т.б.;
- зерттеушілік - білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін, білім беру ортасын зерттейді, білім алушылардың жеке ерекшеліктері диагностикасының нәтижелерін пайдаланады;
- әлеуметтік-коммуникативтік - кәсіби қоғамдастықпен және білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті жүзеге асырады, білім беру стекхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық жасайды және т.б.;

Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
<p>Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: 1. (Softskills)</p>	ОН 1	<p>Біртұтас жүйе және адам ретінде қоғам туралы, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, латын графикасының негізгі ұғымдары туралы білімдерді қолданады. Қазақ халқының рухани құндылықтарын игеру арқылы ұлттың тағдыры мен келешегін игереді.</p>
	ОН 2	<p>Әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру</p>
	ОН 3	<p>Педагогикалық үдерісте білім беру және тәрбиелік міндеттерді қалыптастырады, оқытудың түрлерін, формаларын және әдістерін таңдайды, алған білімдері негізінде білім беру үдерісін басқарудың әдістері мен құралдарын, принциптері мен заңдылықтарын қолданады. Инклюзивті, жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптары мен үйден оқыту жағдайында оқушыларды инклюзивті оқыту үлгісін қолдану жұмыстарын ұйымдастырып, жоспарлайды және шешім қабылдайды.</p>
<p>Сандық құзыреттер: 2. (Digital skills):</p>	ОН 4	<p>Әдебиеттану ғылымы өзекті арналарымен, яғни әдебиет теориясы оның поэтикасынан алған білімімен көркем шығарманы талдайды. Шетел әдебиетінің классик жазушыларының шығармашылығы мен өмірбаяндарын, олардың әлем әдебиетіндегі ерекшеліктерін, маңызды рөлін меңгереді.</p>
	ОН 5	<p>Латын әліпбиіне қатысты ережелерді, қағидаларды қалыптастырады, орфография мен пунктуацияға байланысты өз ойын айтып, пікірін ұсына алады. Латын графикасы негізіндегі қазақ тілінің орфографиялық ережелерін игереді, жазудың түрлеріне, қазақ жазуының қалыптасуына байланысты негізгі ұғымдарды игереді. Қазіргі қазақ тілінде сөзжасамдық және морфологиялық талдауды игеріп шығады. Белгілі бір салада, жанрда қолданылатын тілдік бірліктер жиынтығын ажыратып, сипаттай алады, әдеби тіл нормаларын игереді.</p>
	ОН 6	<p>Осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету;</p>
	ОН 7	<p>Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда әдіс-тәсілдерді, ұстанымдарды, оқытудың</p>

		формаларын, түрлерін меңгереді және олардың ерекшеліктері мен тиімді тұстарын айқындайды. Қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдістемесінің негізгі даму кезеңдері мен қалыптасу ерекшеліктерін, негізгі интерактивті әдіс-тәсілдер өзгешеліктерін игереді. Оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларын меңгереді;
Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 8	Кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу
	ОН 9	Қазақ халық ауыз әдебиетінің шығу тегі мен дамуын оның басқа да ғылымдарды дамытуға жасаған әсер, ықпалын бағамдайды. Қазақ әдебиеті тарихының дәуірлерінің әр кезеңінің жетістіктері мен кемшіліктерін ғылыми тұрғыда сараптайды. XX және қазіргі қазақ әдебиетіндегі әдеби шығармалардың негізгі тақырыптарын, идеялық бағытын, көркемдік ерекшеліктерін танып игереді. Абайтану ілімінің қалыптасып, даму тарихын игеріп, бұл істе кеткен кемшіліктер мен жетістіктерді меңгереді.
	ОН 10	Ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану;
	ОН 11	Оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану
	ОН 12	Аударматану тарихы, теориясы, практикасы, аударма заңдылықтары, сөздіктердің сипаты, түрлері, құрастырылуы, қазақ лексикографиясы мен терминографиясы мәселелері туралы білім алады. Аударманың қоғамдық қызметін, аударма және аудармашы міндеттерін айқындайды.
	ОН 13	Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің туу, қалыптасу, даму жолдарын саралай игереді, әдебиеттану ғылымының әдіснамалық мәселелерін меңгереді, компаративистиканың негізгі бағыттарын талдайды. Әлемдік және ұлттық әдебиеттанудың тарихындағы салыстырмалы әдебиеттану мен тіл білімінің зерттеу әдіс-тәсілдерін жүзеге асырады. Әдебиет теориясының бастаулары мен арналарын игереді және меңгереді.
	ОН 14	Тіл біліміне қатысты алғашқы тілдік түсініктерді, тілдің пайда болуы, қалыптасуы, даму заңдылықтары, тіл білімінің салалары, тілдердің жіктелуі, тілдің қызметі сияқты мәселелерді игереді, тіл мен қоғам арақатынасын, тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеуді байланыстырады. Жалпы тіл білімінің тарихын, тіл біліміндегі бағыттар мен мектептерді, тіл білімінің теориялық мәселелерін игереді.

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері	Қазақстанның қазіргі заман тарихы (МЕ)	5
		Философия	5
		Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	5
		Қолданбалы бизнес	
	Қазақ халқының рухани мұрасы Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері		
ОН 2	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Саясаттану, Әлеуметтану	4
ОН3		Мәдениеттану, Психология	4
ОН 4	Ақпараттық-коммуникативтік	Ақпаратты-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5
ОН 5		Орыс тілі	10
ОН 6		Шетел тілі	10
ОН 7		Дене шынықтыру	8
ОН 8	Педагогикалық дайындық негіздері	Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы	5
		Педагогика	5
		Білім берудегі менеджмент	4
		Инклюзивті білім беру	5
ОН 9	Базалық дайындық	Әдебиеттануға кіріспе	4
		Латыннегізді қазақ жазуы	4
		XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	5
		Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы	5
		Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	5
		Қазақ тілін оқыту әдістемесі	5

ОН 10	Әдебиеттік білім негіздері	Қазақ халық ауыз әдебиеті Тарихи жырлар поэтикасы	5
		Ежелгі және қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет Әдебиеттегі рухани жаңғыру үдерісі Орта Азия халықтарының әдебиеті	7
		XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті Абайтану Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиет	5
		XX ғасырдың екінші жартысындағы және қазіргі қазақ әдебиеті Қазақ әдебиетіндегі модернистік ағымдар Жанр және көркемдік әдіс	5
ОН 11	Аударма тәжірибесі (MINOR)	Сөздікпен жұмыс Аударматану лингвистикасы	5
		Қолданбалы аударматану Тілдік қатынас негіздері	5
		Әдеби аударма негіздері Қазіргі компаративистика	5
		Аударманың ғылыми және ақпараттық тәжірибесі Салыстырмалы әдебиеттану	5
ОН 12	Тіл білімінің негіздері және қазіргі қазақ тілі	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы және морфонологиясы Қазақ тілінің дыбыстар жүйесі Қазақ диалектологиясы	5
		Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен этнолингвистикасы Семасиология және этимология Туынды сөздер	5
		Тіл ілімдерінің негіздері Орфография мен пунктуацияның қиын мәселелері Тіл біліміне кіріспе	5
		Оқу	4
		Педагогикалық	4
ОН 13	Әдеби тіл мен әдебиеттану ғылымы	Әдебиет теориясы	5
		Жалпы тіл білімі	6

		Қазақ әдеби сынының тарихы	5
		Тіл тарихы	5
ОН 14	Мәтінтанудың теориясы мен тәжірибесі	Алаш арыстарының тілдік мұрасы Көркем мәтінді тілдік талдау және тіл мәдениеті Тәрбие жұмысының әдістемесі	5
		Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті әдістемесі Шетел әдебиетінің тарихы	6
		Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі Абай және қазақ әдеби тілі	6
		Өндірістік (педагогикалық)	19
		Дипломалды	3
ОН 14	Қашықтықтан оқыту технологиялары	Қашықтықтан оқыту платформалары мен сервистері	4
		Мектеп жүйесінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру	4
Қорытынды аттестаттау		Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру	12

Оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы

Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз)	Кредитте р саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)													
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13	ОН 14
Жалпы білім беретін пәндер циклі (бакалавриат үшін) Таңдау бойынша компонент																	
D1	Қолданбалы бизнес	Бұл пәнде бизнес-жоспарды құрудың әдіснамалық негіздері қарастырылады. «Қолданбалы бизнес» курсы өткізу нарығын талдау әдістерін зерделеуді, өнімді сипаттауды, өндірістік жоспарды әзірлеуді және ұсынуды, маркетинг жоспарын және ұйымдастыру жоспарын әзірлеуді және ұсынуды, қаржылық жоспарды әзірлеуді және ұсынуды қамтиды. Курстың мақсаты студенттерді қолданбалы бизнес негіздерімен таныстыру.	5	+													
	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Мемлекет, құқық, мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктер. ҚР конституциялық құқығының негіздері. ҚР құқыққорғау органдары және сот. ҚР мемлекеттік билік органдары. ҚР әкімшілік құқық негіздері. ҚР азаматтық және отбасылық құқық негіздері. ҚР еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. Сыбайлас жемқорлық үшін құқықтық жауапкершілік. Сыбайлас жемқорлыққа	5	+	+												

		қарсы мәдениет қалыптастыру.															
	Қазақ халқының рухани мұрасы	Қазақ халқының рухани мұралары болып табылатын көркем шығармалар туралы жалпы түсінік. Ұлттық рухани мұралардың негізі – көне түрік жазбалары, фольклорлық шығармалардың қазақ халқының тарихи даму жолындағы алатын орны. Халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің халықтың эстетикалық көзқарасын қалыптастырудағы мәні. Қазіргі ақпараттық-технологиялық дәуірдегі әдебиет пен өнер туралы жалпы түсініктер.	5	+								+					
	Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеялары, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың заманауи көзқарастары, өмір тіршілік қауіпсіздігін құқықтық реттеу, төтенше жағдайлардың зардаптарын алдын ала болжау және баға беру, ірі ағзалардың популяциясы, экожүйенің бұзылуы дәрежесі, популяцияның құрылымы мен динамикасы, қоғамдағы тірі ағзалардың өзара әрекеттесу механизмдері, қазіргі заманның негізгі экологиялық мәселелері, адамның қоршаған ортаны қауіпсіз өзара әрекеттесуі, өте қауіпті жағдайларда теріс факторлардан қорғау, үй шаруашылығындағы мүмкін болатын төтенше жағдайларды болжау, әлеуметтік, өндірістік салалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше	5	+	+												

		жағдайлар кезінде құзыретті шешімдер.																
	Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы	Мектеп жасындағы балалардың өсіп, дамуының жас физиологиялық ерекшеліктерінің негіздерін білу. Адам өміріндегі түрлі кезеңдерінде тұлғаға тән психикалық процестер, қасиеттер, қалыптар, құбылыстар.	5		+	+												
	Педагогика	Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері. Педагогика адам туралы ғылым жүйесінде. Жеке тұлға тәрбиенің объектісі, субъектісі ретінде және оның дамуы мен қалыптасуының факторы. Тұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасы. Ғылыми дүниетаным. Оқыту - тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі. Білім мазмұнының ғылыми негізі. Оқыту формалары, әдістері мен құралдары. Сабақ – оқытудың негізгі формасы. Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық іс-әрекетін белсендендіру.	5		+	+							+					
	Білім берудегі менеджмент	Білім берудегі менеджменттің теориялық-әдіснамалық негіздері. Менеджмент басқару туралы ғылым. Педагогикалық менеджмент педагогикалық жүйелерді басқару теориясы мен технологиялары ретінде. Педагогикалық менеджменттің заңдылықтары. Педагогикалық менеджменттің ұстанымдары. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін басқару. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін диагностикалау.	4		+	+												

		Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін жоспарлау. Мектептегі әдістемелік қызмет және мұғалімдерді аттестациялау. Мектептің педагогикалық ұжымын басқару.														
	Инклюзивті білім беру	Курс нклюзивті (интеграциялық) білім беруді енгізу жағдайын ұйымдастыруды; инклюзивті тәжірбиенің субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарының мазмұнын; инклюзивті білім беруді жүзеге асырушы мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын қарастырады	5			+										
	Әдебиеттануға кіріспе	Әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу, даму кезеңдерін және де әдебиетке, әдебиеттану ғылымына қатысты терминдер мен түсініктер жүйесі. Көркем шығарманы ғылыми тұрғыда пайымдау, оның даму заңдылықтары. Әдебиеттануға қатысты терминдер мен түсініктер жүйесі.	4				+		+							+
	Латыннегізді қазақ жазуы	Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясын оқытудағы қиындық келтіріп жүрген жайлар, емле мен тыныс белгілерінің ғылыми негіздері, тыныс белгілерін жазу практикасында қолдану, қазақ жазуының тарихы, жаңа қазақ әліпбиінің лингвистикалық сипаты. Жаңа латын жазуы негізіндегі әліпбиді меңгере отырып, сөздерді ережеге сай дұрыс жазу, соның ішінде түбір сөздердің және қосымшалардың жазылуы, сөздердің бірге, бөлек және	4					+								

		дефис арқылы жазылуы, шылаулар мен одағайлардың және бас әріптердің қолданылуы, тыныс белгілерінің дұрыс қойылуын түсіндіру мәселелері қамтылады.															
	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	XIX ғасырдың халық ақындарының өмірі мен шығармашылығына қатысты қажетті деректер. Олардың мұраларындағы айтылған мәселелердің тарихпен арақатынасы. Әдебиеттану салалары бойынша жүргізілген ғылыми ізденістер. XIX ғасыр ұлттық әдебиет тарихы туралы, оның даму жолындағы кезеңдері мен дәуірлері, белгілі шығармашылық тұлғалардың әдеби мұралары туралы білімдер жиынтығы.	5								+						
	Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы	Сөзжасам тәсілдері, сөзжасамдық мағына түрлері, сөз таптарының сөзжасамы. Грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категория. Сөз құрамы, сөздерді таптастыру принциптері, сөз таптарының грамматикалық ерекшеліктері. Тіліміздегі сөзжасамдық жүйе, сөз құрамын және сөз таптарының лексика-грамматикалық ерекшеліктері.	5					+									
	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	Қазақ орта мектептерінде көркем әдебиеттің оқытылу мәселелерімен таныстыру, тарихи-әдеби, теориялық мәліметтер мен практикалық дағдылар туралы түсінік беру. Әдебиетті оқытудың жалпы маңызы мен оның	5						+	+							

		негізгі принциптері, әдеби білім беруде оқу процесін ұйымдастыру түрлері, әдеби шығарманы оқып-үйренудің жолдары мен амалдары, көркем шығармаларды жанрлық сипатына қарай оқыту тәсілдері мәселелерін игерту ісі қолға алынады.															
	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәніне алынған білімін практикалық іс-әрекетте қолдану; қазақ тілінен білім берудің жүйелері. Жан-жақты тарихи-әдеби, теориялық толық мәлімет пен практикалық дағдылар туралы түсініктерді игеру. Қазақ тілін педагогика және психологиямен байланыста оқыта отырып, оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, формаларын меңгереді.	5						+	+			+				
	Қазақ халық ауыз әдебиеті	Фольклор және фольклористика ғылымының және қазақ халқының ауыз әдебиеті оның туу, қалыптасу, даму тарихының күрделі кезеңдері Халық ауыз әдебиетінің эстетикасы мен поэтикасы. Фольклордың эстетикасы, тарихи-әлеуметтік сипаттары, оның дәстүрлік стильдері, халық шығармашылығының көркемдік әдістері, ауыз әдебиетінің шындыққа эстетикалық қарым-қатынасы.	5	+						+							
	Тарихи жырлар поэтикасы	Тарихи жырлардың шығу тегі, дамуы тұтастануы, тақырыптық бөлінісі және жанрлық ерекшелігі тұрғысынан талдау,және оқыту. Қазақ фольклорындағы тарихи жырлардың	5								+						

		15-20 ғасырдың басына дейінгі кезеңдегі қалыптасып дамуы, қаһармандардың тәуелсіздік жолындағы күресі жайындағы шежірені типологиялық және поэтикалық тұрғыдан түсіндіру.															
	Әдебиеттегі рухани жаңғыру үдерісі	Халқымыздың асыл қазынасы, бай мұрасы эстетикалық және поэтикалық тұрғыдан сараланып, кеңінен қарастырылады. Ауыз әдебиетімен қоса әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу, даму кезеңдерін және де әдебиетке, әдебиеттану ғылымына қатысты терминдер мен түсініктер жүйесі жан-жақты қарастырылып, терең талданып зерделенеді. Сонымен бірге теориялық ұғымдар эстетикалық және поэтикалық тұрғыдан сараланып, кеңінен қарастырылады.	7	+													
	Ежелгі және қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет	Тарихи бастауын Сақ, Ғұн дәуірінен алып, Түркі қағанаты арқылы әлемдік алып империя, соған лайық түркі өркениетін қалыптастырған әдеби мұраның тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық даму үдерісінің қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар мұрасымен тарихи сабақтастығы. Ұлттық әдебиет тарихын дәуірге бөліп зерттеу, оның тарихи даму белестерін жүйелі саралау бағытындағы үрдістер	7								+						
	Орта ғасырдағы қазақ әдебиеті	Орта Азия халықтарының әдеби мұрасын, көрнекті тұлғалардың өмірі, шығармашылығын, Орта Азия елдерінің тарихымен, мәдениетімен байланыста	7								+						

		ала отырып, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау. Орта Азия елдерінің, атап айтар болсақ, Қырғыз, Түркімен, Өзбек, Тәжік елдері әдебиетінің туу, қалыптасу, даму тарихымен танысу. Қазақ әдебиетімен байланысын зерделеу. Танымал ақын-жазушылардың мұраларын қазіргі көзқарас тұрысынан талдау.														
	Абайтану	Абай шығармашығындағы тақырыптардың сөз зергерінің мұрасын зерттеу контекстінде қарастырылу мәселелері. Ақын поэзиясын әдеби-тарихи, әдеби-теориялық талдаудың классикалық үлгісін ғылыми негіздеген Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезұлы және кейінгі зерттеушілер мақала, еңбектерінің маңызы. Ұлттық әдебиеттанудағы абайтану ілімінің қалыптасу жолдарының ғылыми өзекті мәселелерін жан-жақты игерген, ақынның адамгершілік мұратын ұлттық және адамзаттық гуманизм өнегесі тұрғысынан байыптай білетін мамандар қалыптастыру	5								+			+		
	XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті	Ұлттық руханият әлеміндегі ерекше құбылыс ояну дәуіріндегі Алаш ұранды сөз өнерінің ұлт мұрат тұтқан отаншылдық рухтағы тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық даму үдерісінің ерекшелігі. Азаматтық мұрат-мақсаты отаншыл қасиеттерге негізделген Алаш қайраткерлерінің	5								+			+		

		әдеби және қоғамдық істерінің тарихи маңызы. Қалам қайраткерлерінің түрлі жанрдағы шығармашылық ізденістерінің эстетикалық әлемі, жаңашылдық қырлары															
	Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды да күрделі кезең болып табылатын XX ғасырдың тұсындағы әдеби процесс пен әдебиет тарихы жөніндегі хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге кеңес дәуіріндегі әдебиет жөнінде білім беру	5									+				+	
	Қазақ әдебиетіндегі модернистік ағымдар	Қазақ әдебиетінде модернизм дамуының басты кезеңдері және берілген бағыттың тенденциялары. Модернист жазушылардың стилі мен шығармашылық әдістерінің ерекшеліктері. Қазақ әдебиетіндегі автордың ішкі бостандығына және әлемге өзіндік көзқараспен баға беруіне негізделген, құрамына әдеби тілдің жаңа суреттеу құралдары енген төлтума шығармаларды қарастырады.	5									+				+	
	XX ғасырдың екінші жартысындағы және қазіргі қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды да күрделі кезең болып табылатын XX ғасырдың тұсындағы (1941-2000) әдеби процесс пен әдебиет тарихы жөніндегі хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық, тиянақты білім береді.	5									+				+	

		Қазіргі қазақ әдебиетінің даму тенденциялары. Эстетикалық баға және құндылық өлшемі. Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм, лиризм мәселелері. Тақырып, идея, образ категорияларының қазіргі динамикасы.															
	Жанр және көркемдік әдіс	<p>Көркем шығармашылықтың негізгі заңдылықтарын қарастырудағы жанрлар мен көркемдік әдістің ролі. Жанр – әдебиет теориясының басты нысаны. Жанрдың басқа әдеби категориялармен байланысы. Көркем әдіс теориясы. Қазақ әдебиетіндегі көркемдік әдістер. Көркемдік әдіс және поэтика мәселелері. Көркемдік әдістің түрлері: реализм, романтизм. Реализмнің түрлері, қалыптасуы мен дамуы. Романтизм, оның түрлері. Көркем әдістердің типологиясы. Көркем шығарманың құрылымы, қызметі, тарихи мәні мен заңдылықтары аясындағы жанрлар мен көркемдік әдістер.</p> <p>Қазіргі қазақ әдебиетіндегі модернист жазушылардың стилі мен шығармашылық әдістерінің ерекшеліктері туралы толымды мағлұмат беру.</p>	5								+			+			
	Сөздікпен жұмыс	Аудараманың қоғамдық қызметі, аударма және аудармашы міндеттері. Сөздік түрлері. Сөздікпен дұрыс жұмыс жасау. Сөздікпен жұмыс жасаудың тиімді жолдары.	5													+	
	Аударматану	Аударма түрлері, аударма	5													+	

	лингвистикасы	трансформациясы, аударылымпаздық, аударманың толыққандылығы сияқты құбылыстар. Аударманың теориясы мен тарихы, аударма лингвистикасының зерттелуі, даму кезеңдері, алғашқы үлгілері, аудармадағы лексикалық бірліктерді аудару жолдары мен грамматикалық мәселелер, аударманың басқа пәндермен байланысы, аударманың практикасы сияқты мәселелер қарастырылады.															
	Тілдік қатынас негіздері	Тілдік қатынас мәселесінің зерттелу тарихы, анықтамасы, ерекшеліктері, тілдік қатынас және тілсіз қатынас, тілдік қатынасты іс жүзіне асырушылар, тілдік қатынастың құрамы, қатысымдық тұлғалар, сөйлесім әрекеті, оның түрлері, тілдік қатынастың ғылыми негіздері	5						+							+	
	Қолданбалы аударматану	Аударматану ілімі, аударманың ғылыми-өзекті мәселелері. Аударма теориясы мен тәжірибесінің өзіндік табиғатынан туындайтын негіздері. Аударматану ілімі, аударманың ғылыми-өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылады. Аударма теориясы мен тәжірибесінің өзіндік табиғатынан туындайтын негіздерін саралап, аударманың филология ғылымы мен мәдениеттер тоғысуындағы рухани құндылықтарды еселеудегі маңызы екшеледі.	5													+	
	Әдеби аударма негіздері	Ғаламдық мәдениет пен әдебиеттегі әдеби аударманың маңызын	5								+						

		саралау. Аударма ұғымының филологиялық аясының барынша ұлғайып, ғылыми негіздері мен теориясының ұшталуын байыптау. Аударма негіздері және ақпараттық аударма тәжірибесі пәнінің қоғамдық және рухани дамудағы маңызы. Әдеби аударма ұғымының теориялық және практикалық сипаттардағы маңызы.															
	Қазіргі компаративистика	Әдебиеттанушылық және компаративистика, историография, библиография. Қазіргі компаративистика ғылымның қалыптасу жолдары мен негізгі бағыттары туралы филологиялық білімдер жүйесі. Қазіргі компаративистикадағы зерттеушілік көзқарастар туралы сыни және ғылыми еңбектерімен танысу, зерттеу жұмысын жасай білу, қазақ әдебиеттану ғылымындағы компаративистиканың соны ізденістері мен теориялары.	5						+								+
	Салыстырмалы әдебиеттану	Ұлттық әдебиеттану ғылымы туу, қалыптасу дәуірлерінің тарихы. Олардағы салыстырмалы әдебиеттанудың бағыттары. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бастаулары мен негізгі кезеңдерін зерделеудің тарихи жолы. Салыстырмалы әдебиеттанудағы ғылыми зерттеушілік ой-пікірдің тууы мен қалыптасуының негізгі дәуірлері мен кезеңдері. Ұлттық әдебиеттанудағы салыстырмалы әдебиеттанудағы	5										+				

		әдіснамалық мәселелері мен ізденістері және жетістіктерінің бастан өткерген жолының өзіндік ерекшеліктері.															
	Аударманың ғылыми және ақпараттық тәжірибесі	Студенттер аударматану бойынша ғылыми ұғым алады және сол алған білімдерін нақты іс жүзінде пайдалана білуге дағдыланады. Аударатын материалдың жанрына да ерекше көңіл бөлу қажеттігі ескеріледі. Аударманың теориялық мәселелеріне, синхронды және көркем мәтінді аударуға, ақпарат жүйесін аудару теориясына тереңірек тоқталады.	5														+
	Қазақ тілінің дыбыстар жүйесі	Дыбыстың жалпы сипаттамасы, қасиеті, акустикалық-артикуляциялық ерекшеліктері, дыбыстардың өзара үндесуі, орфоэпия және орфография мәселелері және т.б. Тіл дыбыстарының құрамы мен жүйесі, дыбыстың пайда болу, жасалу жолдары. Қазақ тілі дыбыстарының құрамы мен жүйесі; Дыбыс жүйесіне қатысты ережелер, қағидалар, сингармонизм заңына, дыбыс алмасуларына, орфоэпия мен орфографияның аражігіне байланысты пікір білдіріп, ұсыныс айта алады. Фонетикадағы орфографиялық қағидаттар сипатын, емле және тыныс белгілері ережелерін дыбыстау (айту), жазу негізінде жүзеге асыру мүмкіндігі қалыптасады. Тілдің дыбыстық жүйесін жүйелі меңгеру арқылы сөйлеу мәнері қалыптасады.	5					+									
	Қазіргі қазақ	Курста дыбыс алмасуының	5					+									

	тілінің фонетикасы және морфонологиясы	түрлері, олардың пайда болу, өзгеру жолдары мүмкіндігінше қамтылып сараланады. Атап айтқанда, морфонологияның зерттелу тарихына шолу; дыбыс, буын, сөз ішіндегі, сөз аралығындағы алмасуларды анықтау; сөз ішіндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың алмасу ерекшеліктерін белгілеу; екпінмен байланысты (просодикамен) дыбыс, буын алмасуларын сипаттауға айрықша мән беріледі.																
	Қазақ диалектологиясы	Диалект сөздердің жалпы сипаттамасы, әдеби тілге негізі, әлеуметтік диалектілер, тілдік ерекшеліктері, диалектілік тұрақты тіркестер т.б.	5													+		
	Семасиология және этимология	Сөздердің қалыптасу, өзгеру және дамуына қатысты тарихи заңдылықтар. Сөздердің шығу төркіні, олардың ең алғашқы түр-тұрпаты мен мағынасы. Сөздің лексикалық мағынасы, тіліміздегі сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы, сөздердің көп мағыналылығы, сөздің пайда болу, даму, қалыптасу заңдылықтарын, мағына түрлері. Сөз, мағына, ұғым туралы түсінік және олардың арақатынасы, лексикалық мағына мен грамматикалық мағына, пардигмалық, синтагмалық мағына туралы түсінік. Сөздің лексикалық мағынасы, тіліміздегі сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы, сөздердің көп	5				+								+			

		мағыналылығы, сөздің пайда болу, даму, қалыптасу заңдылықтары, мағына түрлері.															
	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен этнолингвистикасы	Лексика туралы түсінік, сөздің лексикалық жүйеде алатын орны, лексикалық мағына, сөздің пайда болу, даму, қалыптасу заңдылықтары, шығу тегі, эмоциялық- стильдік сипаты, фразеологизмдердің лексика-семантикалық жүйеде алатын орны. Тіліміздің сөздік құрамы, сөздердің мағынасы, сөз этимологиясы, тұрақты тіркестердің түрлері.	5														+
	Туынды сөздер	Қазіргі қазақ тіліндегі туынды сөздер арнаулы курсы – қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесі мен сөз құрамы, жалпы грамматикалық құрылысының өзіндік ерекшелігін, заңдылығын, ғылыми негізін талдап көрсетеді және студентті сол қасиетке практикалық тұрғыдан дағдыландырады. Бұл курстың ғылыми негізі мен сипаты – туынды сөздерді теориялық жағынан меңгерумен қатар, алған білімді практикада іске асырып, тілдік элементтердің ерекшелігін талдай білу мақсатын көздейді.	5														+
	Орфография мен пунктуацияның қиын мәселелері	Қазақ тілінің негізгі салаларына қатысты мәселелерді, орфография мен пунктуацияны оқытудағы қиындық келтіріп жүрген жайларды саралау, емле мен тыныс белгілердің ғылыми негіздерін сөз ете отырып, тыныс белгілерін жазу практикасында	5					+									

		қолдануды бір ізге түсірудің тиімді жолдарын қарастыру															
	Тіл ілімдерінің негіздері	Тіл ілімінің негіздері, оның негізгі санаттары, талдау түрлері, ондағы тілдік бірліктердің ерекшеліктері. XX ғасырдың алғашқы жартысында келген лингвистикалық мектептердің ең көрнекті және кең тарағандарының бірі - структуралық лингвистика бағыты. Структуралық лингвистиканың немесе структуралық әдісінің дүниеге келушінің ішкі - сыртқы себептерін анықтай білу, ондағы тілдік құралдардың мазмұнды бейнелеуге қатысы. Қолданылған тілдік құралдардың мағынасы, мәні, эстетикалық қызметі. Шығарманы талдаудың жолдары мен әдістері.						+									+
	Тіл біліміне кіріспе	Тілдің қоғамдық қызметі, барлық салаларының қалыптасуы мен даму, өзгеру жолдары, генеологиялық және типологиялық классификациясы, қазіргі кездегі тілдің өмір сүру қалпының, фонетикалық, грамматикалық құрылымының күйінің тарихи-салыстырмалы әдістері	5								+						+
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті																	
D2	Әдебиет теориясы	Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының типологиялық өрісі, көркемдік-идеялық дамуы. Қазіргі қазақ прозасындағы әдеби ағымдар, ұлттық характердің жасалу жолдары. Тарихи прозаның даму үрдістеріндегі дәстүр	5									+					+

		және жаңашылдық Проза, поэзия, драматургия жанрларының теориялық мәселелері, әлем әдебиетіндегі көркемдік үрдістермен сабақтастығы.															
D3	Жалпы тіл білімі	Жалпы тіл білімінің негізгі проблемалары, зерттелу тарихы және тіл білімінің негізгі теориялары жайында жүйелі білім. Тіл білімінің әрбір бағыты мен мектептеріне қатысты көзқарас, олардың артықшылығы мен кемшілігі туралы мәселелер. Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттардың пайда болуы. Тіл теориясы мен тіл тарихы. Тілді зерттеудің әдіс-тәсілдері.	6							+					+		+
D4	Қазақ әдеби сынының тарихы	Қазақ әдебиеті сынының тарихының ғасырларға созылған қалыптасуының тарихи жолы. Халықтық эстетика. Сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің тууы мен қалыптасуының негізгі дәуірлері мен кезеңдері. Әдеби сынның жеке сала ретіндегі әдіснамалық мәселелері мен ізденістері және жетістіктерінің бастан өткерген жолының өзіндік ерекшеліктері. Маркстік-лениндік әдіснама және ұлттық әдеби сын. Ұлттық әдеби сынның туу, қалыптасу және даму жолдары туралы ғылыми білімдер жиыны.	5							+						+	
D5	Тіл тарихы	Тіл білімінің негізгі проблемалары, зерттелу тарихы және тіл білімінің негізгі теориялары жайында жүйелі білім беру. Тіл	5												+		

		теориясы, тіл білімінің тарихы, тіл білімі тарихын кезеңдерге бөлу, ежелгі заман тіл білімі, орта ғасыр тіл білімі, лингвистикалық мектептер мен бағыттар.															
Негізгі пәндер циклі Таңдау бойынша компонент																	
D6	Алаш арыстарының тілдік мұрасы	Алаш зиялыларының ұлттық әдеби тілді дамытуға қосқан үлестері, қазақ әдеби тілінің қалыптасып, дамуында айрықша орын алған жаңалығы мен қайшылығы мол кезең жеке алынып, жан-жақты сөз болады. Әдеби тіліміздің функционалдық стильдер жүйесінің қалыптасуына әсер еткен экстралингвистикалық факторлар	5														+
	Көркем мәтінді тілдік талдау және тіл мәдениеті	Әдебиет стилистикасы және лингвостилистика, автор және оқырман стилистикасы, мәтін , оның типтері, байланысы, көркем мәтіннің санаттары, оның лексика-фразеологиялық қабаты, интертекстуалды байланыстар, тілдік тұлға құзіреті, мәтіндегі троптар мен фигуралар туралы түсінік.								+					+		
D7	Тәрбие жұмысының әдістемесі	Тәрбие үдерісі – тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі. Мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі. Сынып жетекшісінің тәрбиелік іс-әрекетінің жүйесі. Мектепте, сыныпта тәрбие жоспарын жоспарлау. Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері. Қазіргі таңдағы оқу-тәрбие үдерісіндегі тәрбие технологиясы.Сынып	6		+	+											

		жетекшісінің қиын балалармен жұмыстарының жүйесі Дарынды балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі. Оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық әрекеттестік технологиясы.															
	Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті әдістемесі	Қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдістемесінің негізгі даму кезеңдері мен қалыптасу ерекшеліктері, негізгі интерактивті әдіс-тәсілдер, интерактивті әдіс-тәсілдерді жаңартылған білім мазмұнымен байланыстыру мәселелері, интерактивті әдіс-тәсілдер қолданылған сабақтар талдаулары, қазақ әдебиеті сабақтарында интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері.							+			+					
D8	Шетел әдебиетінің тарихы	Қазақ руханиятының ажырағысы асыл арнасын құрайтын шет елдегі қазақ қаламегрлерінің ұлттық болмыс-бітімдегі шығармашылық тұлғасын меңгеру.Әдебиеттану ғылымы өзекті арналарымен, яғни әдебиет теориясы, поэтикасы, эстетикасымен сабақтастыратын білім деңгейінде талдайды.	6							+				+			
	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	Сөз формаларының синтаксистік қызметі, сөз тіркесінің түрлері, сөйлем мүшелері, жай сөйлемнің құрылымдық типтері, құрмалас сөйлемнің мағыналық топтары, олардың жасалу жолдары, бөгде сөз, тыныс белгілері.															+
D9	Абай және қазақ әдеби тілі	Абай тілінің алғаш зерттелуі, Абай шығармаларының тілі және қазақ										+					

		әдеби тілі дамуы, Абай өлеңінің синтаксистік-композициялық құрылысы, өлең тілінің сөздік құрамына енген өзгерістер, Абай және шығармашылық контекст, Абайдың қара сөздерінің тілі, қара сөздердің негізгі стильдік ерекшелігі, тілдің функционалдық стильдері.																
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Сертификаттау бағдарламасының «Атауы (Minor)»

Аударма тәжірибесі 1 - 20 кредит

Қолданбалы аударматану ,

Сөздікпен жұмыс ,

Салыстырмалы әдебиеттану ,

Аударма тәжірибесі 2 - 20 кредит

Әдеби аударма негіздері

Аударматану лингвистикасы ,

Тілдік қатынас негіздері ,

Қазіргі компаративистика

Модульдің атауы	Семестр						
	1	2	3	4	5	6	7
Аударма тәжірибесі 1						Қолданбалы аударматану, Сөздікпен жұмыс,	Аударманың ғылыми және ақпараттық тәжірибесі, Салыстырмалы әдебиеттану
Аударма тәжірибесі 2					Әдеби аударма негіздері, Қазіргі компаративистика		Аударматану лингвистикасы, Тілдік қатынас негіздері

Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

ЖОН	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН)	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ЖОН 1	Біртұтас жүйе және адам ретінде қоғам туралы, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, латын графикасының негізгі ұғымдары туралы білімдерді қолданады. Қазақ халқының рухани құндылықтарын игеру арқылы ұлттың тағдыры мен келешегін игереді.	пікірталас	эссе жазу
ЖОН 2	Әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру	кейс-әдістер	эссе жазу
ЖОН 3	Педагогикалық үдерісте білім беру және тәрбиелік міндеттерді қалыптастырады, оқытудың түрлерін, формаларын және әдістерін таңдайды, алған білімдері негізінде білім беру үдерісін басқарудың әдістері мен құралдарын, принциптері мен заңдылықтарын қолданады. Инклюзивті, жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптары мен үйден оқыту жағдайында оқушыларды инклюзивті оқыту үлгісін қолдану жұмыстарын ұйымдастырып, жоспарлайды және шешім қабылдайды.	интерактивті дәріс	презентациялар
ЖОН 4	Әдебиеттану ғылымы өзекті арналарымен, яғни әдебиет теориясы оның поэтикасынан алған білімімен көркем шығарманы талдайды. Шетел әдебиетінің классик жазушыларының шығармашылығы мен өмірбаяндарын, олардың әлем әдебиетіндегі ерекшеліктерін, маңызды рөлін меңгереді.	интерактивті дәріс	коллоквиум

ЖОН 5	Латын әліпбиіне қатысты ережелерді, қағидаларды қалыптастырады, орфография мен пунктуацияға байланысты өз ойын айтып, пікірін ұсына алады. Латын графикасы негізіндегі қазақ тілінің орфографиялық ережелерін игереді, жазудың түрлеріне, қазақ жазуының қалыптасуына байланысты негізгі ұғымдарды игереді. Қазіргі қазақ тілінде сөзжасамдық және морфологиялық талдауды игеріп шығады. Белгілі бір салада, жанрда қолданылатын тілдік бірліктер жиынтығын ажыратып, сипаттай алады, әдеби тіл нормаларын игереді.	дөңгелек үстел	тест
ЖОН 6	Осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету;	интерактивті дәріс	тест
ЖОН 7	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда әдіс-тәсілдерді, ұстанымдарды, оқытудың формаларын, түрлерін меңгереді және олардың ерекшеліктері мен тиімді тұстарын айқындайды. Қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдістемесінің негізгі даму кезеңдері мен қалыптасу ерекшеліктерін, негізгі интерактивті әдіс-тәсілдер өзгешеліктерін игереді. Оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларын меңгереді;	кейс-әдістер	коллоквиум
ЖОН 8	Кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу	пікірталас	эссе жазу
ЖОН 9	Қазақ халық ауыз әдебиетінің шығу тегі мен дамуын оның басқа да ғылымдарды дамытуға жасаған әсер, ықпалын бағамдайды. Қазақ әдебиеті тарихының дәуірлерінің әр кезеңінің жетістіктері мен кемшіліктерін ғылыми тұрғыда сараптайды. XX және қазіргі қазақ әдебиетіндегі әдеби шығармалардың негізгі тақырыптарын, идеялық бағытын, көркемдік	кейс-әдістер	эссе жазу

	ерекшеліктерін танып игереді. Абайтану ілімінің қалыптасып, даму тарихын игеріп, бұл істе кеткен кемшіліктер мен жетістіктерді меңгереді.		
ЖОН 10	Ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану;	интерактивті дәріс	презентациялар
ЖОН 11	Оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану	пікірталас	эссе жазу
ЖОН 12	Аударматану тарихы, теориясы, практикасы, аударма заңдылықтары, сөздіктердің сипаты, түрлері, құрастырылуы, қазақ лексикографиясы мен терминографиясы мәселелері туралы білім алады. Аударманың қоғамдық қызметін, аударма және аудармашы міндеттерін айқындайды.	кейс-әдістер	эссе жазу
ЖОН 13	Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің туу, қалыптасу, даму жолдарын саралай игереді, әдебиеттану ғылымының әдіснамалық мәселелерін меңгереді, компаративиканың негізгі бағыттарын талдайды. Әлемдік және ұлттық әдебиеттанудың тарихындағы салыстырмалы әдебиеттану мен тіл білімінің зерттеу әдіс-тәсілдерін жүзеге асырады. Әдебиет теориясының бастаулары мен арналарын игереді және меңгереді.	интерактивті дәріс	презентациялар
ЖОН 14	Тіл біліміне қатысты алғашқы тілдік түсініктерді, тілдің пайда болуы, қалыптасуы, даму заңдылықтары, тіл білімінің салалары, тілдердің жіктелуі, тілдің қызметі сияқты мәселелерді игереді, тіл мен қоғам арақатынасын, тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеуді байланыстырады. Жалпы тіл білімінің тарихын, тіл біліміндегі бағыттар мен мектептерді, тіл білімінің теориялық мәселелерін игереді.	интерактивті дәріс	тест




23. Түлек моделі

Түлек атрибуттары:

- Өз оқыту саласындағы терең кәсіби білім
- Білім және ғылым саласындағы трендтерді игеруге деген қызығушылық
- Коммуникабельділік
- Төзімділік және тәрбие
- Академиялық адалдық
- Қазақстанның Мемлекеттік міндеттері мен стратегияларын шешуге қатысуға дайындық

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	- Эмоционалды интеллект - Жаһандық сын-қатерлерге бейімделу - Көшбасшылық - Кәсіпкерлік ойлау - Жаһандық азаматтық - Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын қабылдау
2. Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	- әр түрлі ақпарат көздерінен білім алу тәсілдерін игеруге негізделген тәуелсіз танымдық іс-әрекет саласындағы құзіреттілік;
3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	- Аналитикалық-зерттеу құзыреттілігі (Analytical and research skills): - Кәсіби коммуникациялық-этикалық құзыреттер (Forensic eloquence and ethical skills):

Құрастырған:

Кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к., қауым. профессор  С.У.Такиров
Ф.ғ.к., қазақ әдебиеті кафедрасының., қауым. профессоры  Ж.А.Рүстемова
П.ғ.м., қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы  Б.Е.Сыздыкова

Ескертулер:

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды «26» 05 2022ж. Хаттама № 8
Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды «28» 07 2022ж. Хаттама № 5
Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «16» 05 2022ж. Хаттама № 12

Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер бойынша проректор
Академиялық жұмыс департаментінің директоры
Филология факультетінің деканы





Т.З.Жүсіпбек
Г.С.Ақыбаева
Е.Е.Түйте

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ
6В01701 – ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2022-2023 (факті бойынша)	2023-2024 (жоспар)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	7	1	1	1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	10	3	3	3
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	1	1	1	1
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы	3	3	3	3
2.2	НААР	Позициясы	4	3	3	3
2.3	Атамекен	Позициясы	2	2	2	2
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқулықтар	Саны	1	-	-	1
3.2	Оқу құралдары	Саны	1	1	1	1
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	-	-	1	-
3.4	Электронды оқулық	Саны	-	1	1	1
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны	3	2	2	2
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны				
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны				
5.	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере	Жыл	+	+	+	+

	отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту					
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жыл	-	-	-	-
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл	+	+	+	+
5.4	ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу	Жыл	-	-	-	-

Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі



С.У.Такиров